

15.11.2023ж

Қатынасушы саны:5

Қатынасқаны:4

Қатыспағаны:1

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Бір жастан үш жасқа дейінгі балалардың сенсорлық және сөйлеу қабілетін дамыту
- 2.Біз саусақтарымызбен ойнаймыз.
- 3.Дамытатын ойындар-балалардың музыкалық шығармашылығы

1.«Жемістер» мәрмәр тастары арқылы тапсырмасы

Мақсаты: Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту.

Жүру барысы: Балаларға құлпынай, банан, шырша суреттері беріледі. Сонымен қатар мәрмәр тастары таратылады, мәрмәр тастарын суреттегі бос орындарға түсін дәл қою ұсынылады.

Қорытынды: Жемістер» тапсырмасы ұсынылған қатысушы балалар. Берілген тапсырманы қызығушылықпен орындады.Белсене қатынасты,түстерді де жоғары деңгейде дәл тауып қоя алды.

«Түстерді дәл саламыз» тапсырмасы

Мақсаты: Қатысушылардың түстерді ажырата алуын анықтау. Түстерді айтқызып,қайталату.

Жүру барысы: Желіммен орнатылған төрт таяқша және орындары ауыстырылып қойылған түрлі түсті қағаз төрт түрлі түске боялған құрал беріледі. Берілген түрлі-түсті құралды таяқ маңында көрсетілген түстерге сәйкес дәл салуы қажет.

Қорытынды: Қатынасушылар таяқшаға түстерді бірі дәл салса бірі дұрыс емес орнатты. Қатынасушылар тапсырманы қызыға,қуана орындады. Түстерді психологпен бірге қайталап айтты.

«Үлкен-кіші асықтар»тапсырмасы

Мақсаты: Үлкен,кіші ажыратуды үйрету. Түстерді дұрыс ажырату және бірге қайталату.

Жүру барысы: Ақ парақта асықтардың үлкен, кіші суреттерінің көлеңкесі беріледі, және көлеңкені дәл табу үшін түрлі-түсті ламинатталған асықтың суреттері беріледі.

Қорытынды: Қатысушылар ақ парақтағы асықтың көңілгесін дәл тауып қоюға тырысты. Әрине кейбір қатысушылар үлкен асықты кіші асыққа, кіші асықты үлкен асыққа қойғандары болды. Тапсырманы шамалары келгенше орындауға тырысты.

«Пішіндер» ойыны

Мақсаты: Пішіндерді ажыратуға үйрету, пішіндерді қайталап айта отырып таныту.

Жүру барысы: Жеңіл ағаштан жасалған төрт түрлі пішіндер берілген. Пішіндерді қарап тани отырып әр пішінді дұрыс орналастыру.

Қорытынды: Қатынасшылар пішіндерді жүргізуші мен бірге қайталай алды. Сонымен қатар пішіндерді әрқайсысын өз орынына орналастыра алды.

«Түстер және асықтар» тапсырма

Мақсаты: Түстерді білуге үйрету. Асық жайлы түсінік қалыптастыру.

Жүру барысы: Жеті түрлі түсі бар парақ және асықтың карточкы беріледі. Асықтың карточкыларын түстерге сәйкестендіріп қою қажет.

Қорытынды: Асықтың карточкыларын түстерге дәл сәйкестіре алды. Тапсырманы қызыға орындады. Белсене қатынасты.

«Жартысын тап» тапсырма

Мақсаты: Дәлдікке және тапсырманы мұқият орындауға оюды түстеріне қарай ажырату.

Жүру барысы: Жартысы жоқ оюдың суреттері және бөлек оюдың карточкылары таратылып беріледі. Оюдың карточкыларын түсімен дәлдеп қойып шығу.

Қорытынды: Қатынасшылар «Жартысын жап» тапсырмасын мұқият қарай отырып дұрыс орындап шықты. Кейбір ою карточкыларын шатастрып алған сәттерінде орын алды.

2. «Санамақ» ойыны

Мақсаты : кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту. Бір, екі, үш, төрт, бес

Жүру барысы: Анаммен сурет саламын , (алақанды жұмып ашады) Міне басы, міне іші (қолды шеңбер жасап айналдырады) Аяқтары, қолдары, көздері (қолымен кішкентай және үлкен шеңбер салу) Аузы, сақинадан жасалған (ауада сақинаны салу).Әдемі шашы да бар (қолдарын екі жаққа ашады)

Оң қолымда бес саусақ (оң қолының саусақтарын көрсету)

Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету)

Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолының саусақтарын қосу)

Оң аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек секіру)

Сол аяқпен секіремін (орында жүру)

Қорытынды: Қатынасушылар «Санамақ» ойынына қуана қатысты. Жүргізуші мен көңілді қайталады.

«Саусақтар жүреді»

Екі саусақпен 5-ке дейінгі тура және кері санап, алға-артқа жүру.«Қуырмаш»

Қуыр-қуыр қуырмаш,

Балаларға бидай шаш.

Бас бармақ,

Балан үйрек,

Ортан терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

Сен тұр – қойыңа бар!

Сен тұр – жылқыңа бар!

Сен тұр – ешкіңе бар!

Сен тұр – сиырыңа бар!

Сен тұр – түйеңе бар!

Ал сен алаңдамай,

Қорытынды: Қатынасушылар «Саусақтар жүреді» ойынына белсенді қатысты. Барлығы бірге көңілді қайталады.

«Сандар мен пішіндер» ойыны

Жүру барысы: Сандар мен пішіндер берілді солардың әрқайсысын орынына дәл орнату.

Қорытынды: Балалар тапсырманы қызыға орындап қуана қатысты. Сандар мен пішіндерді бірге қайталай алды.

«Кемпірқосақ» тапсырмасы

Мақсаты: Жеті түсті үйрету және қайталану. Түстерді дұрыс орын орынына салу.

Жүру барысы: Кемпірқосақ суреті жабыстырылған қорапша беріледі. Қорапшадағы кемпірқосақ суретіне қиындыларды түс-түсіне дұрыстап салу қажет.

Қорытынды: Балалар қорапшадағы кемпірқосақ суретіне түрлі-түсті қиындыларды орташа деңгейде сала алды. Балалар барлық берілген тапсырманы ойындарға белсене араласа отырып қатынасты. Әр балаға өздері қалаған тапсырманы орындады. Қалаған ойындарын ойнады.

Педагог-психолог: М.З.Қалданова













